



Ембі ТЫНЫСЫ

№6 (111)
ШІЛДЕ
2023 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Құрметті құрылыс саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекемен құттықтаймыз!

Құрылыс – бүгінгі таңда еліміз бойынша маңызды салалардың бірі. Құрылысшы еңбегі қашан да жоғары құрметке лайық. Себебі, кез-келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы экономиканың негізгі іргетасының бірі саналатын құрылыс саласының дамуымен тікелей байланысты.

Мемлекеттік деңгейдегі қолдау нәтижесінде елімізде құрылыс саласын дамытуға жағдайлар жасалуда. «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты кен алаңдарында құрылыс жұмыстары қарқынды жүруде. Мұнай кен орындарын жабдықтау, мұнай құбырларын қайта жаңғырту, өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық нысандарды қайта жаңғырту мен күрделі құрылыс жұмыстарын жүргізумен айналысатын сала мамандарының табысты еңбектері ерекше құрметке ие.

Ембілік құрылысшылар мен сала ардагерлері! Төл мерекелеріңізбен құттықтай келе, мықты денсаулық пен еңбектеріңізге толымды табыстар тілейміз!

Құрметті көлік саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекемен құттықтаймыз!

Елдің дамуы жолында көлік саласы қызметкерлері қосқан үлес зор. Отандық экономиканың құрметамыры саналатын саланы дамыту бағытында ел көлемінде заманауи әдіс-тәсілдерді енгізу үрдісі жолға қойылған.

Біздің Компаниямызда да көлік саласын жетілдіру, тасымал жүйесін оңтайландыру, қауіпсіздікті арттыру мақсатында көптеген жаңа жобалар қолға алынып, табысты іске асырылып келеді.

Көлік саласынсыз біздің жұмысымызды елестету мүмкін емес. Сондықтан, еңбектеріңізді бағалаймыз.

Қара алтын өндіру ісіне өзіндік үлес қосып отырған сала мамандары мен ардагерлері! Сіздерді кәсіби мерекемен құттықтай келе, қызметтеріңізге табыс, жанұяларыңызға бақыт тілейміз!

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

ДЕРЖАТЬ НА КОНТРОЛЕ



→ 3

Жаңа айлар:

СҰРАҢЫЗ, ЖАУАП БЕРЕМІЗ!



→ 6

ДӘСТҮРЛІ ДОДА ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



→ 7



Enbekti qorgau
ОХРАНА ТРУДА

МАҚСАТЫМЫЗ – НӨЛДІК ҚАУІПСІЗДІК КӨРСЕТКІШІ

Компанияның жартыжылдық нәтижелері жария болды

«Ембімұнайгаз» АҚ-да өндірістік құрылымдық бөлімшелердің, қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласына жауапты мамандардың және мердігер ұйымдар басшыларының қатысуымен Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау Комитетінің кеңейтілген отырысы өтті. Жиында бірінші жартыжылдықтың қорытындылары жарияланып, көптеген өзекті тақырыптар талқыға түсті.

→ 4-5

РЕДАКТОР БАҒАНАСЫ

Әріптес!

Сіз бен біз бұдан былай өзіміздің төл газетімізде осы айдардың аясында жүздесіп, ұжымішілік өзекті деген тақырыптарға орай ой қозғап, пікірлерімізді ортаға салатын боламыз.



Бүгінгі Редактор бағанасы/ Колонка редактора/ айдары – сіз бен біздің пікір алмасуымыздың алғашқысы. Компаниямыздың Қоғаммен байланыс тобының қызметкерлері сіздермен осы айдар арқылы ара-кілік байланысқа шығып, ұжымдағы өзекті мәселелерге ой қосуды қолға алып отырмыз.

Сонымен, бүгінгі әңгіме тақырыбы не?

Түсіне білген адамға бүгінгі заман көз ілеспес шапшаңдықпен алға жылжуда, жаңаруда. Қарапайым тілмен айтсақ, өмір үздіксіз қозғалыста. Әрбір адам өзін заманға сай сезінуі тиіс. Заманға сай дегенді қалай түсінесіз? Сіз кімді заманға сай деп айтар едіңіз? Өзіңізді сол қатарға қосасыз ба? Енді осы туралы аздап ойлансақ.

Бүгінгі заман – технологияның дәуірі. Сәт сайын бір жаңалық десек артық болмас. Сол жаңалықтар біздің байланысымызға да өзінің әсерін тигізуде. Біз бүгінде әлеуметтік желілер арқылы жиі байланыс ұстаймыз. Осы жаңалықтың үрдісімен осымен, 2 ай уақыт болды Компанияның бұрынғы телеграм каналын жауып, оның орнына жаңа телеграм чатын іске қостық. Ішкі коммуникацияны дамыту үшін қолға алынған бұл бастаманы іске қосарда: «Осы уақытқа дейін бұл канал тек ақпарат тарату мақсатын көздесе, ендігі жерде Компанияның әрбір маманы ішкі жаңалықтармен таныса отырып, өндірістік, әлеуметтік салаларға қатысты ұсыныс-пікірлерін, жұмысқа қатысты кез-келген сауалдарын жаңа ашылған платформада жариялай алады» деп ойымызды нықтадық.

Бүгінде қалай? Шынын айту керек, бүгінде ортақ телеграм чатымыз тек сауал тастайтын, оның үстіне бір сұрақты бірнеше рет қайталап қоя беретін алаңға айналғандай...

Телеграм чатта жиі қойылатын, бірнеше рет қайталап қойыла беретін сауалдар:

Еңбекке ақы төлеу,
Әлеуметтік кепілдіктер,
Өтемақылар мен жеңілдіктер,
Жұмыс уақыты,
Тынығу уақыты.

Бұл орайда айтарымыз, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 2022-2026 жылдарға арналған Ұжымдық шартында осы мәселелер егжей-тегжейлі баяндалған. Ұжымдық шарт бекітілмес бұрын оның жобасы барлық басқарманың ұжымында кеңінен талқыланды. Әр адамның пікірі ескерілді. Айтылған ұсыныстар назардан тыс қалмады. Үкен жұмыстың нәтижесінде қарапайым еңбек адамының әлеуметтік жағдайын жақсартуды көздеген Ұжымдық шарт іске қосылды. Барлық басқармада аталмыш құжат кез-келген мұнайшыға қолжетімді деп есептейміз. Алайда, телеграм чатқа келіп жатқан сұрақтардың барлығы дерлік сол Ұжымдық шартта айтылған жәйттар. Бұдан шығатын қорытынды, біз Компания ішінде бекітілген, қолданыстағы құжаттарды білмейміз немесе мән бермейміз. Танысуды, оқуды қажет деп есептемейміз. Содан келіп, әртүрлі түсінбеушіліктер туындайды.

Бүгінгі пікірімізді қорытар болсам. Компанияішілік құжат сіз бен біздің жағдайымызды жақсартуға арналады. Жұмыс беруші мен жұмысшының арасын байланыстыратын мұндай құжаттармен әрбір мұнайшының жете танысуы керек-ақ.

Ендеше, әріптес, өзіңіз еңбек ететін Компанияның тыныс-тіршілігінен тыс қалмаңыз. Әрбір құжаттың айтарына дұрыс назар аударыңыз. Телеграм чат – сіздің сұрағыңызға нақты жауап алатын платформа болуымен қатар, әрбір ұжымның пікір алмасатын, жаңалықпен бөлісетін, әріптестердің қызметтегі жетістіктеріне ортақтасатын, ұжымның жақсы жақтарын көрсететін үлкен байланыс алаңы.

Жазбамның басындағы «Заманға сай адам қандай болады?» деген сауалға қайта оралсам. Әрбір адам өзі еңбек ететін Компанияда іске қосылған жаңа құжаттың айтарына үкен мән беріп, мұқият танысса, оны күнделікті өмірде дұрыс қолдана білсе, сонымен қатар, жаңалықтан қалмай үнемі ізденісте болса – бұл бүгінгі заманға сай адамның әрекеті.

Осы мүмкіндікті дұрыс пайдалана білейік, әріптес!

Ғалия ҚАРАЖАНОВА,
Қоғаммен байланыс
тобының жетекшісі

КЕЗДЕСУ

ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының аймаққа сапары барысында мәжілісмен Бақтықожа Ізмұхамбетов «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымымен кездесіп, заң шығарушы органның төменгі палатасында атқарылған жұмыстар, қабылданған заңдарға тоқталып өтті.



МАЖІЛІСМЕНДЕРМЕН БАСҚОСУ

Онлайн жарнама, шетелге шығарылған активтерді кері қайтару туралы заңдардың талаптары мен тиімділігі туралы атап өткен Бақтықожа Ізмұхамбетов «Amanat» партиясының «Ауыл аманаты» жобасы көздеген негізгі мақсат – әлеуметтік ахуалды арттыру, халықты қолдау екенін жеткізді: «Жоба аясында елдімекендерді инфрақұрылымдық жобалармен камту қарастырылған. Бұған

қоса, әлеуметтік қолдау шараларын жүргізу, экологиялық талаптардың сақталуы да аса маңызды».

Өз кезегінде «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов облысқа іссапары аясында Компания ұжымымен арнайы кездесуге келген Мәжіліс депутатына алғыс білдіріп, «Ембімұнайгаз» компаниясы аталған ұстанымдарды толықтай қолдайтынын жеткізді.

Мәжіліс депутаттарының Атырау облысына іссапары аясындағы кездесулер облыстық әкімдікте жалғасты. Депутаттар Әділ Жұбанов пен Дүйсенбай Тұрғанов қатысқан басқосуға «Ембімұнайгаз» АҚ, «Теңізшевройл» ЖШС және North Caspian Operating Company N.V. компаниясының өкілдері қатысты. Жиында әлеуметтік инфрақұрылымдық жобалар және көгалдандыру тақырыптары қозғалды.

ТАҒАЙЫНДАУ

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ӨНДІРІС ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 2023 жылдың 30 маусымынан бастап, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары және Басқарма мүшесі болып, Марат Елеусінов тағайындалды. «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов лауазым иесін жаңа қызметпен құттықтап, жұмысына табыс тіледі.

«Ембі өндірісінде тұрақтылықты қалыптастыру үшін жаңа жобалар, тың идеяларды қабылдап, іске қосу алдымен осы кабинеттен бастау алады. Қазақ мұнайының бастауында тұрған Ембі өндірісін жан-жақты дамыту жолында өзіңізді кәсіби маман ретінде көрсете біледі деген сенімдемін» деп атап өтті Компания басшысы С.Арынов.

Марат Қайырбекұлы Елеусінов еңбек жолын «Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалында 3-разрядты мұнай және газ өндіру операторы болып бастаған. Қызметтік жолында бірнеше лауазымды міндеттерді абыроймен атқара білді.

«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының №2 мұнай-газ өндіру цехының инженер-технологы, өндірістік-техникалық бөлімінің ұңғымаларды ағымдағы жөндеу және жайғастыру тобының мұнай және газ өндіру инженері, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік-техникалық бөлімі мұнай, газ және суды

өндіру және өңдеу тобының мұнай және газ өндіру жөніндегі жетекші инженері, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Орталық аппараты мониторинг және өндірісті жедел басқару департаментінің жетекші инженері, мониторинг және өндірісті жедел басқару департаментінің директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай-газ өндіру департаменті директорының орынбасары, мұнай-газ өндіру департаментінің директоры, «Қазактүрікмұнай» ЖШС Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.

2021 жылдың шілде айынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ Бас технологы, 2023 жылдың 30 маусымынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.



АЛҒАШҚЫ 6 АЙДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ҚАНДАЙ?



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас кеңсесінде 2023 жылдың 6 айлық қорытындысына арналған есептік жиын өтті. Оған Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен Орталық басқару аппаратының жауапты мамандары қатысты.

Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығының есебіне арналған кеңейтілген жиынға төрағалық еткен «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов Ембі өндірісінің жалпы көрсеткіштеріне қысқаша тоқталып, өндірістегі негізгі шараларды атап өтті.

– Қауіпсіздік талаптарын сақтау, жұмысшының алаңсыз еңбек етуіне барлық жағдайды жасау Компаниямыздың басым бағытының бірі ретінде өзектілігін жоймайды. Өндіріс алаңдарында аталған

көрсеткіштері туралы баяндама жасады.

«Ембімұнайгаз» АҚ аталған мерзім ішінде өнім өндіру жоспарын 100,4%, өнім тапсыруды 100,8% орындады. Ембі кен алаңдарындағы геолого-техникалық шаралардың, ұңғымаларды жайғастыру мен жабдықтау, құрылыс саласына қатысты шаралардың нәтижесін табуы өндіріс жоспарының орындалуына мүмкіндік орнатып отыр.

Компанияның бюджет қаражатының мақсатты жұмсалыуына

байырғы кен алаңдарының бүгінгі жағдайы. Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын әр кез жоғары қоятын Компания басшылығы өнім өндірудің соңғы сатысындағы кеніштерді күні бүгінге дейін сақтап отырғанын әрбір жұмысшы жақсы түсінуі керек.

Есептік жиында сонымен қатар, Компанияның тауармен қызметтерді сатып алу рәсімдерінің орындалу барысы да тыңдалды.

Компания ішілік сатып алуды жүзеге асыру «Самұрық-Қазына»



мерзім ішінде жазатайым оқиғаның тіркелмеуі – ембіліктердің маңызды бағытқа үлкен жауапкершілікпен қарауының көрінісі. Алайда, бұл талап Ембі өндіріс аумағында қызмет етіп жатқан мердігер мекемелердің тараптарынан толық сақталмай отыр. Біз алдағы уақытта 100 пайыз қауіпсіз еңбекке қол жеткізуіміз керек. Талап ЕМГ мен мердігер мекемеге де ортақ, – деп атап өтті өз сөзінде С.Арынов.

Ембі өндірісіндегі жазатайым оқиғалардың алдын алу шараларына ембіліктермен қатар мердігер мекеме мамандарының да жауаптылығына баса мән берген Сәбит Әбілдаулы «Өмірді сақтайтын қағидалардың» талаптарын орындауда жауапкершілік баршаға ортақ екендігін, Компанияның қызметкерлерімен бірге мердігер мекемелердің де мамандарынан бірдей талап етілетіндігін нықтап атап өтті.

Есептік кездесуде ЕМГ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Марат Елеусінов жыл басынан бергі 6 айлықтағы өндіріс

жан-жақты тоқталған ЕМГ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова мекеменің кіріс пен шығыс жүйесіне талдау жасады. ЕМГ бірінші жартыжылдықтағы қаржы жүйесінің көрсеткіші экспортталатын мұнай көлеміне, доллар курсы мен баррель құнының көрсеткішіне байланысты екендігіне жан-жақты тоқталған баяндамашы Компанияның табысына қатысты кейбір жекелеген мәселелерге кеңінен тоқталып өтті.

Компания сыртқы нарыққа кететін мұнай көлемінің азайып кетуіне байланысты қауіпті жоққа шығармайды. Нақты санға жүгінсек, жыл сайын тапсырылатын мұнай көлемі 100 мың тоннаға кеміп отыр. Бұл Компанияның бюджетіне салқындығын тигізіп отырғаны шындық. Сонымен қатар, баррель құны да бекітілген көлемнен төмен. Бұл да – Компанияның кірісіне әсер ететін фактор. Компанияның табысына қатысты әңгіме қозғалғанда айтпай кету мүмкін емес мәселе – Ембі өндірісіндегі

АҚ (Қор) бекіткен ережесіне сай орындалуы аталған мерзімде 92%-ды құрап отыр. Жауапты мамандар «КМГ бойынша жақсы нәтиже екендігін» атап өтті.

Жиын барысында аталған мерзім ішінде орын алған проблемалар да талданды. Компанияның тауарлар мен қызметтерді сатып алу барысында мердігер мекемелер тарапынан 170 шағым түскен. Сатып алуды жүзеге асыру тәртібі «Самұрық-Қазына» АҚ (Қор) бекіткен ережеге сай орындалатынын ескерсек, жоғарыда аталған шағымның тек 4-уі ғана расталған. Алайда, ембілік жауапты мамандар бұл төрт шағымның да нақты еместігін айтып отыр. Компания басшылығы бұл орайда мердігер мекемелермен жұмысты жандандыру керектігіне баса тоқталды.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 2023 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысына арналған есептік кездесу жиынында жауапты мамандарға нақты тапсырмалар беріліп, оның орындалу мерзімі пысықталды.

ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ ПОЕЗДКА



ДЕРЖАТЬ НА КОНТРОЛЕ

Выполнение производственного плана и соблюдение всех правил безопасности. Эти главные приоритеты еще раз были обозначены в ходе выездного совещания, прошедшего в НГДУ «Доссормунайгаз» и «Кайнармунайгаз» с участием ответственных лиц во главе с генеральным директором АО «Эмба-мунайгаз» Сабитом Арыновым. В ходе поездки были осмотрены некоторые производственные и социальные объекты.

На месторождении Восточный Макат первый руководитель компании ознакомился с ходом строительства столовой на 150 мест. Проектно-сметная документация данного объекта была разработана ТОО «КМГ Инжиниринг». Согласно договору, столовая должна была быть сдана в эксплуатацию в июне этого года. Однако, из-за низкой организации труда по вине подрядной компании -ТОО «Инфрастрой-Б», строительно-монтажные работы ведутся с явным отставанием от графика. На сегодня выполнены только монтажные работы наружного водопровода, подземного газопровода, демонтажные работы наружных сетей. Ведутся земляные работы и устройство фундамента. После детального обсуждения, генеральным директором Сабитом Арыновым было поручено направить в подрядную организацию акт незавершенных строительно-монтажных работ.

Далее начальником НГДУ «Доссормунайгаз» Сериком Абдиевым были представлены производственные плановые показатели по добыче нефти на текущий год и прогноз по их 100% достижению до конца года. Кроме этого, были обсуждены вопросы безопасного производства, охраны окружающей среды, а также угрозы затопления объектов производственной инфраструктуры в период весеннего половодья.

С большим отставанием от графика, произошедшего опять-таки по вине подрядчика - ТОО «Successful attempt», завершается строительство нового резервуара РВС-2000 м3 на месторождении Восточный Молдабек НГДУ «Кайнармунайгаз». На сегодня выполнены работы по устройству фундамента, произведен монтаж и покраска резервуара.

Еще один проблемный объект - недостроенное административное здание на месторождении Кенбай. На сегодня имеется лишь фундаментное основание, осуществлена кладка первого этажа и межэтажного перекрытия. С подрядной компанией – Консорциумом ТОО «Successful attempt» совместно с ТОО «МонолитИнвестКомпани», не выполнившим взятые обязательства в обозначенный срок, договор был расторгнут. В настоящее время ведется корректировка сметной документации автором-ТОО «КМГ Инжиниринг». После получения заключения экспертизы на ПСД и определения подрядчика, строительство объекта будет возобновлено.

Затем начальник НГДУ «Кайнармунайгаз» Кайнар Коданов рассказал о реализации производственной программы и текущем состоянии по соблюдению ТБиОТ, промышленной, пожарной, транспортной и энергетической безопасности, а также охраны окружающей среды.

Подытоживая рабочую поездку, генеральный директор АО «Эмба-мунайгаз» Сабит Арынов поручил строго контролировать выполнение подрядными и субподрядными компаниями договорных обязательств в области строительства, а также соблюдение всех требований производственной безопасности, охраны труда и окружающей среды.



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

МАҚСАТЫМЫЗ – НӨЛДІК

Компанияның жартыжылдық

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов қауіпсіздік мәдениетін дамытудың маңыздылығы, ЕМГ және мердігер ұйымдардың әр қызметкері қауіпсіз еңбек талаптарын міндетті түрде орындауы қажеттігін атап өтті.

«Мен бүкіл ұжымды, әрбір қызметкерді сырттан бақылаушы болмай, қауіпсіздік жүйесінің белсенді қатысушысы болуға, өзіңізге және әріптестеріңізге қырағы көңіл бөлуге, денсаулығыңызды, өндірістік нысандар жабдықтарының жұмысқа жарамдылығын қадағалауға, Компания басшылығына еңбек

қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектесуге шақырамын. Қауіпсіздік әрқайсымыздан басталады! Мақсатымыз – күннен күнге, қадам сайын нөлдік қауіпсіздік көрсеткіштеріне жету» деді Компания басшысы.

Одан кейін еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшы Қайрат Сақтағанов ЕМГ барлық

қызметкерлері мен мердігерлер ұстануға тиіс қауіпсіздік және еңбекті қорғаудың негізгі талаптарының жиынтығы – «Ембімұнайгаз» АҚ өмірді сақтайтын қағидаларын» таныстырды.

«1991 жылдан бастап, осы уақытқа дейін Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы – IOGP мүшелігіндегі 100-ге жуық ірі кәсіпорында орын алып, өлімге әкелген 2000 жазатайым оқиғаларды талдау нәтижесінде жиі қайталанатын бұзушылықтарды саралай келе, осындай ережелер жинағын жасақтады. Нәтижесінде, жазатайым, оқыс оқиғалардың алдын алу көрсеткіші 70-80 пайызға дейін азайған.

Дамыған мекемелерде бұл қағидаларды бұзғандар жауапкершілікті түсініп, өз

еркімен жұмыстан кетуге өтініш жазады. Яғни, «Мен бұл талаптарды бұзсам, айналама, жалпы жұмысқа зиян тиеді» деген ұстанымда болу қажет. Өмірді сақтайтын қағидаларға жауапкершілікпен қарап, қатаң ұстану және насихаттау керек», - деді Қ.Сақтағанов.

«Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек Каримов өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауға қатысты биылғы бірінші жартыжылдықтың есебін жария етті. Оның айтуынша, жалпы құрамында 9080 адам бар (ЕМГ қызметкерлерінің саны – 4292, мердігер ұйым қызметкерлерінің саны – 4788) Ком-



ҮНДЕУ

Құрметті әріптестер!

«Ембімұнайгаз» АҚ үшін де және жеке мен үшін де ең маңызды нәрсе – жұмыскерлердің қауіпсіздігі, адамдардың өмірі – біздің ең басты байлығымыз, тұрақты жұмыстың, өндірістік міндеттерді табысты шешудің, ұжымдағы жағымды микроклиматтың кепілі, біздің жаңымыздың берекесі.

Сондықтан біз өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы корпоративтік мәдениетті қауіпсіз еңбек мәдениетін және халықаралық үздік практикаларды енгізу арқылы үнемі жетілдіріп отырамыз.

Алайда әрбір қызметкер қауіпсіздік саласындағы мақсаттар мен міндеттерді бөліспесе, оларға қол жеткізуге ықпал білдірмесе, ұжымның ешбір әрекеті нәтижелі болмайды.

Басшы ретінде мен бұл мәселеде табысқа жетудің кілті жеке көшбасшылық, әрқайсымыздың қауіпсіздік, еңбек тәртібінің белгіленген талаптарына сенімді және шынайы берілгендігіміз деп санаймын және әріптестерімді осыған шақырамын.

Қауіпсіздік мәдениетін ілгерілету процесін мен әр Ембілік пен мердігер ұйымдар қызметкерінің мәдениетінде қалыптасуы тиіс бірқатар нақты және қол жетімді талаптарды орындауы ретінде қарастырамын:

- «Өмірді сақтайтын қағидалардың» мүлтіксіз сақталуы;
- Өндірістік объектілерге, жабдықтарға және қоршаған ортаға ұқыпты қарау;
- Оқиғалар бойынша нөлдік көрсеткіштерге ұмтылу;
- «Қорғау» картасын толтыру, егер сіз қауіпті жағдайды, әрекетті, қауіпті жағдайды (near miss) байқасаңыз, бұл бізге жазатайым оқиғалардың алдын алуға көмектеседі;
- Барлық оқиғалар туралы Өндірістік жедел басқару қызметіне немесе Орталық инженерлік-технологиялық бөлімге дереу хабарлау.

Тәуекелдер мен инциденттер туралы жедел алынған ақпарат – бұл әріптестеріміздің өмірі мен денсаулығы үшін уақтылы көрсетілетін алғашқы көмектің, жазатайым оқиғаның алдын алу, жұмыстарды тоқтату, бұзушылықтардың түпкі себептерін жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдаудың кепілі, өйткені мәселенің негізі – компания жұмыскерлерінің өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, активтері мен беделіне қауіп төндіруден тұрады.

Әрбір қызметкердің саналы түрде атсалысуы ғана корпоративтік қауіпсіздік мәдениетін нормалар мен ережелер жиынтығынан гөрі негізгі жұмыс жүйесіне айналдыра алады!

Ембімұнайгаз бен мердігер ұйымның әрбір қызметкерінің өз отбасына аман-есен оралуынан маңызды ештеңе жоқ.

Егер әрқайсымыз белсенді ұстанымға ие болсақ, өзімізге, әріптестерімізге көңіл бөлетін болсақ, денсаулығымыздың жай-күйін, өндірістік объектілер жабдықтарының жарамдылығын бақылап, компания басшылығына өндірісте қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектессеңіз, біз оң нәтижелерге қол жеткізе аламыз!

Қауіпсіздік біздің өзімізден басталады!

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры
(Басқарма төрағасы)

Сәбит АРЫНОВ

«Ембімұнайгаз» АҚ өмірді сақтайтын қағидалары		
1. Қауіпсіздік шараларын тексеріп шығу  <p>Қорғаныс жабдықты оқшаулап қоршаудан немесе өшіруден бұрын рұқсат алыңыз.</p>	2. Тұйық кеңістік  <p>Тұйық кеңістікке кіру алдында рұқсат алыңыз.</p>	3. Көлік құралын жүргізу  <p>Көлікті қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтаңыздар.</p>
4. Энергия көздерін оқшаулау  <p>Энергия көздерінің оқшауланғанын және кернеудің жоқтығын жұмысты бастар алдында тексеріңіз.</p>	5. Отпен байланысты жұмыстар  <p>Оңай жанғыш заттарды және жану көздерін бақылаңыз.</p>	6. Қауіпті аймақ  <p>Қауіпті зонаға кірмеу және оған басқа адамдардың кіруіне жол бермеу.</p>
7. Жүк көтеру жұмыстары  <p>Жүк көтеру операцияларын жоспарлаңыз және жұмыстарды жүргізу аймағын бақылаңыз.</p>	8. Наряд – рұқсат  <p>Жұмыстарды тек әрекеттегі наряд-рұқсат бойынша атқарыңыз.</p>	9. Биіктікте жұмыс істеу  <p>Биіктікте жұмыс істеу кезінде құлаудан қорғаңыз.</p>



Соблюдение «Жизненно важных правил» - корпоративного стандарта в области безопасности и охраны труда стало главной темой встречи генерального директора АО «Эмбаунайгаз» (далее Компания или ЭМГ) Сабита Арынова с руководителями подрядных и субподрядных компаний, в которых, в период с 14 по 20 июля текущего года имели место грубые нарушения пунктов №1 (Обход мер безопасности), №3 (Безопасное вождение транспортных средств) и №6 (Опасная зона) «Жизненно важных правил».

ҚАУІПСІЗДІК КӨРСЕТКІШІ

нәтижелері жария болды

басымдыққа ие болуы керектігін ерекше атап өтті.

Сонымен қатар, жиында ЕМГ жұмысында қолданыла бастаған электронды наряд-рұқсат жобасының таныстырылымы өтті.



ОБРАЩЕНИЕ

Уважаемые коллеги!

Приоритетом номер один для АО «Эмбамунайгаз» и меня лично является безопасность его работников, ведь жизнь людей – наша безусловная ценность, залог ее стабильной работы, успешного решения производственных задач, благоприятного микроклимата в коллективе, благополучия наших семей.

Поэтому мы постоянно совершенствуем корпоративную культуру в области производственной безопасности, охраны труда и окружающей среды путем внедрения культуры безопасного труда и наилучших международных практик.

Однако никакие коллективные усилия не будут действенными, если каждый работник лично не разделяет цели и задачи в области безопасности, не проявляет вовлеченности в их достижение.

Как руководитель, я считаю, что ключ к успеху в этом вопросе – личное лидерство, убежденная и искренняя приверженность каждого из нас установленным требованиям безопасности, трудовой дисциплины и призываю к этому своих коллег.

Процесс продвижения культуры безопасности я рассматриваю через выполнение ряда вполне реалистичных и достижимых требований, которые могут быть сформированы в культуре каждого Эмбинца и работника подрядной организации:

- безусловное соблюдение «Жизненно важных правил»;
- бережное отношение к производственным объектам, оборудованию и окружающей среде;
- стремление к нулевым показателям по происшествиям;
- заполнение карты «Қорғау», если Вы наблюдаете небезопасное условие, поведение/действие, опасную ситуацию (near miss), это поможет нам предотвратить несчастные случаи;
- незамедлительное сообщение обо всех происшествиях в Службу оперативного управления производством либо в Центральный инженерно-технологический отдел.

Оперативно полученная информация о рисках и инцидентах – это залог своевременно оказанной первой помощи для жизни и здоровья наших коллег, принятия незамедлительных мер по недопущению несчастного случая, остановке работ, устранению коренных причин нарушений, так как цена вопроса – угроза жизни и здоровью, окружающей среде, активам и репутации нашей компании.

Только осознанное участие каждого сотрудника способно превратить корпоративную культуру безопасности из набора норм и правил в живую работающую систему!

Нет ничего важнее того, чтобы каждый работник «Эмбамунайгаза» и подрядной организации возвращался в свою семью целым и невредимым.

Только если каждый из нас будет занимать активную позицию, проявлять внимание к себе, своим коллегам, следить за состоянием своего здоровья, исправностью оборудования производственных объектов и помогать руководству компании в обеспечении безопасности на производстве, мы достигнем положительных результатов!

Безопасность начинается с каждого из нас!

Генеральный директор
(председатель Правления) АО «Эмбамунайгаз»

Сабит АРЫНОВ

панияда апаттар мен оқыс оқиғалардың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Соның арқасында биылғы бірінші жарты жылдықта ЕМГ мен оның мердігерлерінде өндіріске қатысты жазатайым оқиғалар орын алған жоқ. Сондай-ақ, Компанияда өрт пен жол-көлік оқиғалары тіркелмеген, алайда, өндірістік жарақат алудың 1 фактісі (2022 жылдың I жартыжылдығында – 2) орын алды. Мердігер ұйымдардың басшыларына қауіпсіздік және еңбекті қорғау, экологиялық талаптарды, соның ішінде, жол қауіпсіздігі ережелерін сақтауға қатысты бірқатар ескертпелер айтылды. Өйткені, биылғы 6 айда мердігер ұйымдарда 4 жол-көлік оқиғасы тіркелген (2022 жылдың I жартыжылдығында – 4).

Компания басшылығы қауіпсіздік техникасының бұзылуына мүлдем төзбеушілік қағидаты мердігер ұйымдардың қызметкерлері үшін де

Қауіпсіздік талаптарының сақталуы қай кезде де аса маңызды. Сондықтан осы саланы қамтыған жиын тұтастай 1 күнге созылды. Әр басқармаларда атқарылған жұмыстар сараланып, бірқатар сауалдар ортақ алаңда талқыланды. Сонымен қатар, мердігер мекемелердің жауапкершілігін күшейтуі, міндетті жұмыстарын сапалы орындауы бағытындағы мәселелер де күн тәртібіне шығарылды. Алдағы уақытта жоғарыда аталған Комитеттің отырысы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен айына бір рет, ал мердігерлер үшін тоқсан сайын өткізілетін болады. Әр отырыста салалық бағыт таңдалып, соның аясындағы жұмыстар талқыланып болады.

В ФОКУСЕ ВНИМАНИЯ – ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ПОДРЯДНЫХ КОМПАНИЙ

Выступивший в начале встречи главный технический руководитель по охране труда, промышленной безопасности и охране окружающей среды Кайрат Сактаганов отметил, что буквально неделю назад состоялось расширенное совещание Комитета по промышленной безопасности, охране труда и окружающей среды с участием руководителей производственных структурных подразделений (ПСП), сотруд-

ников, ответственных за БиОТ и руководителей подрядных организаций, на котором были подведены итоги за первое полугодие 2023 года по безопасности и охране труда. Благодаря систематической профилактической работе по недопущению несчастных случаев и инцидентов, за первое полугодие текущего года в ЭМГ и его подрядных организациях не допущены смертельные случаи, связанные с производством.

Также не зарегистрированы пожары и ДТП, однако имеется 1 случай производственного травматизма, произошедший по вине работника (I полугодие 2022 – 2).

В целях усиления корпоративной культуры безопасности было распространено специальное Обращение генерального директора АО «Эмбамунайгаз» Сабита Арынова ко всем сотрудникам Компании и подрядных организаций.

К сожалению, работники подрядных организаций, несмотря на все предпринимаемые меры, продолжают пренебрегать правилами и требованиями промышленной безопасности, охраны труда и окружающей среды (ПБОТОС). К примеру, за 6 месяцев 2023 года зарегистрировано 4 ДТП (I полугодие 2022г. – 4). И вот, новые факты нарушений пожарной, транспортной безопасности и охраны труда, которые свидетельствуют о слабом контроле со стороны ответственных лиц подрядных и субподрядных компаний, несоблюдении самими работниками «Жизненно важных правил», создавших

угрозу их жизни и жизни других людей.

На встрече был проведен тщательный разбор всех фактов происшествий. Свои пояснения дали как ответственные лица Компании, так и подрядных и субподрядных организаций.

Впредь, к нарушившим правила ПБОТОС, будут предприниматься строгие меры, вплоть до расторжения контрактов, сказал обращаясь к руководству подрядных компаний, генеральный директор АО «Эмбамунайгаз» Сабит Арынов. Принцип нулевой терпимости к нарушениям техники безопасности должен стать главным приоритетом.

ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС – ДАМУ КӨРСЕТКІШІ

Құрылыс саласының алға басуы – даму көрсеткіштерінің бірі. Ел көлемінде кең қанат жайған сала аясындағы жұмыстар «Ембімұнайгаз» АҚ-да жоспарлы жалғасуда.

Бүгінгі таңда Компанияның кен алаңдарында құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Арнайы жасақталған жоспар аясында күрделі құрылыс, өндірістік және өзге де әлеуметтік сипаттағы нысандар салынууда.

Компанияның негізгі өндірістік алаңдары – мұнай-газ өндіру басқармаларындағы құрылыс жұмыстары туралы Күрделі құрылыс департаментінің директоры Аманкүл Өміров айтып өтті.

«Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасында құрылыс жұмыстары жүйелі жалғасуда. Қазіргі уақытта Жаңаталап кен орнындағы қазандықты қайта жаңғырту жұмыстары жүріп жатса, осы алаңдағы №3 мұнай-газ дайындау цехының өндірістік ғимараты мен Оңтүстік батыс Қамысты кен алаңындағы қазан құрылысы жоспарға сай жүргізілуде.

Таяуда С.Балғымбаев кен орнында технологиялық сорғы және «№15 «Аққыстау» 110/35/10кВ-ҚС-да 35кВ және 10кВ әуе желілерін қайта жабықтау (түзету)» нысандары қолданысқа берілгені де – бұл саладағы жүйелі жұмыстардың жемісі.

Ал, «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасының кен алаңдарында 26 өндірістік және 4 әлеуметтік нысандарда құрылыс-жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Соның бірі – өндірісішілік сұйықтықты жинау жүйесін қайта жаңғырту нысаны іске қосылып, нәтижесінде 30 шақырым ескі құбырлар ауыстырылуы арқылы басқарманың сұйықтықты жинау жүйесінің сенімділігін арттыруына себепті тигізді. Сонымен қатар, Прорва МГӨЦ әкімшілік ғимараты, «Каспий Самалы» вахталық қалашығындағы көріздік тазалау қондырғысы, Қисымбай және Қаратон мұнай дайындау пункттерінде модульді жылу қазандығы салынууда. Осы аталған нысандар қолданысқа берілгеннен кейін өндіріске де, мұнайшыларға да оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Жұмысшыларға жайлы жағдай жасау – Компания үшін әрқашан маңызды. Осыған сай, Аққұдық кен орнындағы жатақхана, асхананы қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатқаны да қуантады.

Бұл игі іс-шаралар «Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасында да жолға қойылып, жоспарлы жалғасып жатқанын айта кетейік. Мұнайшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту аясында Шығыс Мақат кен орнында 150 орындық асхана және Қарсақ кен орнында 100 орындық асхана салынууда. Сондай-ақ, бірқатар әлеуметтік нысандардағы жөндеу жұмыстары аяқталып, биыл қолданысқа беріледі деп күтілуде.

«Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасындағы өндірістік нысандарға қатысты қарқынды жұмыстармен қатар, өндірістік және әлеуметтік маңызды «Ұаз-Атырау-Ақтөбе» жол құрылысының басталып, 2024 жылы іске қосылатыны да – жағымды жаңалықтар қатарында. Сонымен бірге негізгі қорды күрделі жөндеу жоспары бойынша Кенбай кен орнындағы 20 орындық көлік гаражын жөндеу, өндіріс аумағындағы қондырғылар айналасын абаттандыру, Қайнар мұнайшылар қалашығындағы №1, 2, 4 жатақханаларды жөндеу жұмыстары жүруде.

Биылға межелеген кейбір жұмыстар толығымен аяқталып, Қайнар мұнайшылар қалашығындағы өрт сөндіру ғимараты мен Солтүстік Котырғас мұнай жинау пунктіндегі екі қазанды сырлау жұмыстары мерзімінен бұрын орындалып пайдалануға тапсырылғаны да – жұмыс қарқынын байқататын нәтижелер.

«Өнім өндіру мен тапсыру жоспарының тұрақты орындалуы бірден-бір құрылыс жұмыстарына тікелей байланысты екенін ескерсек, аталмыш жұмыстардың маңыздылығы айрықша» деп түйіндеді сөзін Күрделі құрылыс департаментінің директоры Аманкүл Өміров.

СҰРАҢЫЗ, ЖАУАП БЕРЕМІЗ!

«Ембі тынысы» газетінің редакциясына жұмысшылардан сауалдар көптеп түседі. Әр хаттың, сауалдың артында адам тағлыры тұр. Біз әрбір хатты жауапсыз қалдырмай, жұмысшыларды алаңдатқан сауалдарға, мәселелерге уақытылы жауап беруді назарда ұстаймыз.

Бүгін мұнайшылар тарапынан жиі болатын «жұмысқа қабылдану және студенттерді қолдау» туралы жәйтқа тоқталдық. Редакцияға келіп түскен сұрақтарға орай сала маманының жауабын назарларыңызға ұсынамыз.

КАДР САЯСАТЫНДАҒЫ АШЫҚТЫҚ



Алтынай БЕРЕГЕНОВА,
Қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің қызметкерлерді іріктеу және дамыту бөлімінің бастығы

Компанияға жұмысқа қабылдау, бос жұмыс орындарына таңдау мен іріктеу қалай жүргізіледі?

«Самұрық-Қазына» АҚ тобының адам ресурстарын басқарудың корпоративтік стандартына сәйкес, персоналды іріктеу тәсілдерінің бірыңғайлығын және ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ тарапынан (бұдан әрі – Қоғам) «Ембімұнайгаз» АҚ басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарына үміткерлерді таңдау және іріктеу Ережелері» әзірленді. Сонымен бірге, Қоғамның жұмысшы мамандықтарына үміткерлерді таңдау және іріктеу Ережесі» бекітілді. Енді осы Ережелерге тоқтала кетейін.

«Қоғамның басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарына үміткерлерді таңдау және іріктеу Ережесіне» сәйкес, ішкі іздеу және сыртқы іздеуден тұрады.

Ішкі іздеу 3 кезеңнен тұрады:

- 1-кезең – Қоғамның кадр резервіне енгізілген Қоғам қызметкерлерінің арасынан үміткерлерді іздеу;
- 2-кезең – Қоғамның қызметкерлері арасынан үміткерлерді іздеу яғни, outlook электрондық поштасы арқылы бос жұмыс орны жарияланады және қызметкерлердің электрондық пошталарына жіберіледі;
- 3-кезең – www.work.kmg.kz порталында ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері арасынан үміткерлерді іздеу;

Ішкі үміткерлер болмаған жағдайда, Комиссияның шешімімен сыртқы іздеу жарияланады. Сыртқы іздеу www.qsatruk.kz порталында жарияланады.

Үміткерлерді одан әрі іріктеу бойынша әрбір іздеуде Комиссия құрылады. Сонымен бірге, Орталық басқару аппараты мен өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінде жеке комиссия құрылады.

Комиссия жарияланған бос жұмыс орынының біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатында, әрбір үміткердің түйіндемесін (жұмыс тәжірибесі, білімі, сертификаттарын ескере отырып) қарайды. Іріктелген үміткерлер іріктеудің келесі кезеңі сұхбаттасу мен кәсіби тестілеуден өтеді. Сұхбаттасу мен кәсіби тестілеуден сәтті өткен үміткер бос жұмыс орнына орна-

ластырылады. Таңдау мен іріктеудің әрбір кезеңі Хаттамамен рәсімделеді.

«Қоғамның жұмысшы мамандықтарына үміткерлерді таңдау және іріктеу Ережесі» бойынша ішкі іздеу және сыртқы іздеу жүргізіледі.

Ішкі іздеу - Қоғамның өндірістік-құрылымдық бөлімшелері жұмысшы мамандықтарына ауыстыру жолымен жүзеге асырылады. Егер бір орынға бірнеше үміткерлер болса, олар тест тапсыруға жіберіліп, ішінен ең үздік нәтиже көрсеткен үміткер таңдалады. Ішкі іздеуде үміткерлер болмаған жағдайда, сыртқы іздеу жарияланады.

Бос жұмыс орындарына жұмысшы мамандықтары бойынша сыртқы іздеу кезінде :

- Қоғамның www.emba.kz ресми сайтындағы HR қызметі тарапынан қалыптастырылған түйіндемелер базасы пайдаланылады, яғни, сайтта көрсетілген базаға үміткерлер өздерінің біліктілігіне сәйкес, түйіндемелерін жүктей алады.
- Сонымен қатар, Қоғамның өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде тәжірибеден өткен дуальды оқыту жүйесіне қатысушылардың (оқушылар) базасы пайдаланылады, яғни, іздеу осы үміткерлердің ішінен қаралады.

Таңдау және іріктеу кезінде, Комиссия шешімінің негізінде, тиісті үміткерлер тестілеуден өтеді, қажет болған жағдайда практикалық дағдылары да тексеріледі.

Қоғамның іріктеу және таңдау Комиссиясы үміткерлер іріктеудің және таңдаудың барлық кезеңдерінен өткеннен кейін оларды басқа жұмысқа ауыстыру/ жұмысқа қабылдау туралы хаттама рәсімдейді.

Аталған Ережелер бойынша қандай жұмыстар бүгінгі таңда атқарылғаны және нәтижелеріне қысқаша тоқталып өтсеңіз?

2022 жылдың қорытындысына тоқталатын болсақ:

Ішкі іздеу бойынша - 114 бос жұмыс орны жарияланды, 407 үміткердің түйіндемелері біліктілік талаптарына сәйкес қарастырылып, 258 үміткермен сұхбаттасу жүргізілді, 223 үміткер тестке шақырылды. Нәтижесінде **88 қызметкер** осы ішкі іздеу арқылы жоғары лауазымдарға ауыстырылып, оның ішінде, 30 үміткер кадрлық резервтен ауысуға мүмкіндік алды.

ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері арасынан үміткерлерді іздеу бойынша 11 бос жұмыс орны www.work.kmg.kz порталында жарияланды.

58 үміткердің түйіндемелері біліктілік талаптарына сәйкес қарастырылып, 11 үміткермен сұхбаттасу жүргізілді, 3 үміткер тестке шақырылды. Нәтижесінде, **2 үміткер** осы ішкі іздеу арқылы ҚМГ компаниялар тобынан ауыстырылды.

Сыртқы іздеу бойынша www.qsatruk.kz порталына 7 бос жұмыс орны жарияланды. 236 үміткердің түйіндемелері біліктілік талаптарына сәйкес қарастырылып, 66 үміткермен сұхбаттасу жүргізілді, 13 үміткер тестке шақырылды. Нәтижесінде **4 үміткер** осы сыртқы іздеу арқылы жұмысқа қабылданды.

Жұмысшы мамандықтарға тоқтала кетсек, **198 жұмыскер** басқа жұмысшы мамандықтарына ауысып оның ішінде,

75 жұмыскер өз мамандығы бойынша дәрежелерін көтерді.

Қоғамда өндіріс тоқтаусыз жүруіне байланысты, аталған процесс үздіксіз болып саналады.

Жылдан жылға Компаниямыздың алдына қойған мақсаттарына байланысты білікті мамандарға қажеттілік күнделікті туындап отыру себебінен, мамандарды уақытылы дайындау үшін жаңа жобалар енгізілуде. Соның бірі – Қоғамның өндіріс қажеттілігін қамтамасыз ету үшін, кадрлар даярлау жөніндегі әлеуметтік бағдарлама.

Әлеуметтік бағдарламаны ашып айтсаңыз?

Биылдан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік сұранысын қамтамасыз ету үшін кадрлар даярлаудың әлеуметтік бағдарламасы қолданысқа енгізілуде. Бағдарламаның басты мақсаты – жұмысшы мамандықтар бойынша дайындау арқылы әлеуметтік осал жанұяларға жататын Қоғам қызметкерлерінің балаларына қолдау көрсету және өндіріс қажеттілігіне байланысты білікті мамандарды уақытылы дайындау.

Әлеуметтік осал жанұялар олар: көпбалалы аз қамтылған отбасылар, қызметкердің мүгедектігі болған жағдайда немесе отбасында мүгедек тобына жататын адамдар болса, көп жыл бойы зиянды еңбек жағдайында жұмыс жасайтын қызметкерлер отбасылары, сонымен бірге, жетім балалар.

Бағдарламаның негізгі шарттары қандай?

Бағдарламаға қатысушы (қызметкердің балалары) 4 (төрт) оқу орындарының бірінде Компаниямен белгіленген мамандық бойынша күндізгі бөлімде оқуы немесе күндізгі бөлімге тапсыратын талапкер болуы керек: С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжі, Мақат мұнай газ технологиялық колледжі, Сафи Өтебаев атындағы Жылыой мұнай және газ технологиялық колледжі, АРЭС PetroTechnic жоғары колледжі.

Бағдарлама шеңберінде Компания тарапынан берілетін кепілдіктер қарастырылғанын да атап өтейін. Мысалы, ақылы негізде оқып жатқан талапкердің оқыған кезең ішінде, оқу ақысы төленеді яғни, 2 жыл 10 ай немесе 3 жыл 10 ай.

Оқу кестесіне сай Ембі кен алаңдарында оқушылардың өндірістік практикадан өтуі қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, 3 курстан бастап, оқушыларға дуальды әдіспен өндірістік оқу мен тәжірибеден өту қарастырылған.

Ал, ең маңыздысы – аталған бағдарламаның түлектері оқу процесін сәтті аяқтағаннан кейін, жұмысқа орналастырылу мүмкіндігіне ие болады.

Айта кеткен жөн, бұл бағдарлама – Қоғам қызметкерлерінің балаларына жасалған үлкен мүмкіндік, яғни, мамандық алып, жұмысқа орналасу болып табылады.

Компания үшін бұл бағдарламаның артықшылығы – өндіріс қажеттілігіне байланысты білікті мамандарды уақтылы дайындау, сонымен бірге, әлеуметтік мәселелерді тиімді шешудің көрсеткіші.

БАЙКАУ

«МЕН – ЕМБІЛІКПІН»: ТАРИХТЫ ЖАҢҒЫРТУ – ҰРПАҚ ПАРЫЗЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелер ұжымы арасында ұйымдастырылған «Мен – ембілікпін» байқауының негізгі түйіні осында жатса керек. Аталмыш сайыстың қорытындысы туралы Компанияның әлеуметтік желідегі ресми парақшаларында толық жазылды.

Байқау шартына сай, «Бір фотоның тарихы» және «Ұмытылған есімдер» номинациясы бойынша («Құнды құжат – көненің көзі» номинациясына құжат тапсырғандар болған жоқ) екі қатысушы жеңімпаз деп танылды. Өзге

жұмыстар редакция қорында, қажеттілігіне байланысты пайдаланылады.

Бұл байқауды ұйымдастырудағы басты мақсатымыз – отбасылық мұрағатта, жеке қорда сақталған ескі суреттері, Ембі өндірісінің дамуына өзіндік үлес қосқан, бүгінде есімі жалылардан өше бастаған еңбек адамдары туралы естеліктері жинақтау. Осы миссиямыз сәтті жүзеге асып, редакция қоры толықты. Төменде – екі аталым бойынша жеңімпаз деп танылған қатысушылардың жұмыстары.

БІР ФОТОНЫҢ ТАРИХЫ

«БҰЛ СУРЕТТІҢ ОТБАСЫМЫЗ ҮШІН МӘНІ ЗОР...»

Кішкентай күнімдегі естеліктерім мұнайшылар өмірімен тығыз байланысады. Мен скважиналармен бала кезімнен таныспын. Өйткені, әкем мүмкіндік болса, бізді өндіріс басына алып баратын...



Біз Досмағұловтар, өзімізді мұнайшы әулетіненбіз деп санаймыз және соны мақтан тұтамыз. Әкеміз Айжарық Досмағұлов 1946 жылы Доссордағы ФЗО-ны бітіріп, Қаратон, Қосшағыл кеніштерінде бұрғышы, ұңғыларды жерасты жөндеу цехында машинист болып жасады. Анамыз Зәмзәм мұнай кәсіпшілігінің құрылыс цехында еңбек етті. Олардың ұл-қыздары мен олардан тараған ұрпақтары мұнай саласында жұмыс жасап жүр.

«Ембімұнайгаз» АҚ тарапынан осынау конкурс ұйымдастырылуда екенін естіген соң, қатысуға бел будым. «Коммунистік еңбек» газетінің 1977 жылғы 2 қыркүйектегі санында «Ертең – мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлерінің күні» айдарымен жарық көрген көне сурет – біздер үшін құнды құжатпен тең. Басылым бетіне шыққан суретте: «Мартыши технологиялық бірлестігінің мұнайшылары да өздерінің төл мерекесін табысты еңбек тартуымен қарсы алып отыр. Мереке қарсаңындағы табысқа скважиналардың жерасты жабдықтарын жөндеушілер бригадасы да мол үлес қосты. Суретте: (солдан оңға қарай) бригада мүшелері – көмекші оператор О.Танқыбаев, машинист А.Досмағұлов, аға оператор К.Рысқалиев» деп жазылған.

Ал, екіншісі – ұжымыммен түскен 1974 жылғы сурет. Сол кезде Қаратон поселкесінде Терең-Өзек мұнай кәсіпшілігі өндірісінің маңында Пустынный кен алаңы ашылды. «Эмбанефть» бірлестігіне қарасты «БҰРБ Балықшы барлау-бұрғылау» мекемесіне

лаборант-коллектор-оператор болып жұмысқа орналастым.

Волгоградтық әдіспен 7500 метрлік тереңдіктен 5 скважина қазылды. Алғашқы еңбек жолымды №5 ұңғыманы қазу жұмысынан бастадым. Үлкен тереңдіктегі ұңғымаларды қазу процестері қиын, сондықтан жұмысы ауқымды және талап та зор еді. Бұл сурет – қара алтын өндіру ісінің қиын да қызықты екенін еске түсіретін, жанымға жақын естеліктердің бірі.




Өсила ДОСМАҒҰЛОВА,
сала ардагері,
Аққыстау поселкесі,
Исатай ауданы

ЗАБЫТЫЕ ИМЕНА

ГОРДОСТЬ НАШЕЙ СЕМЬИ

Размышляя над идеей конкурса «Я – эмбинец», задумался: а как я пришел к тому моменту в моей жизни, когда с гордостью могу утверждать эту фразу? И в моей голове сразу всколыхнулись воспоминания о моем дедушке, который с восхищением рассказывал мне в детстве о своем отце (о моем прадедушке), его достижениях, огромной любви к профессии нефтедобытчика. Думаю, что именно его рассказы пробудили во мне желание пойти по стопам прадедушки, внесшего вклад в становление и развитие АО «Эмбаунайгаз». И честно сказать, я ни чуточки не жалею о своем решении. Первопроходцы Эмбы – это творцы вековой истории нашей компании. И я горжусь, что в их рядах был и мой прадедушка, о котором сегодня мой рассказ.



Свой путь мой прадедушка Хамит Кульчиков начал масленщиком в 1914 году в Доссоре, где в 1911 году начала добываться нефть. В 1916 году он попадает под сокращение и возвращается домой. В 1916-1929 годах работает носильщиком воды, а также на железной дороге. В 1929 году возвращается в трест «Эмбанефть», где работает механиком, а после и членом экспедиции «Геология» по нахождению нефти и разных металлов. В 1930-1932 годах работает на месторождении Косшағыл, а с 1932 по 1938 годы трудится машинистом, и в этот период становится свидетелем одной из первых побед «Эмбанефти» - добычи 250 тонн нефти. В 1939 году прадедушка перевелся в Кулсары, где продолжил работать машинистом, а после механиком. В годы Великой Отечественной войны, мой прадедушка, как и тысячи других людей, несмотря на все трудности, самоотверженно трудился, не покладая рук, снабжая фронт топливом. Свой созидательный труд он продолжил и в послевоенное время. Вклад Хамита Кульчикова в развитие нефтяной промышленности Казахстана был отмечен орденами Ленина и Трудового Красного знамени. Мой прадедушка, всю свою жизнь посвятивший освоению недр земли, ушел из жизни в 1976 году.

Вот такая простая, казалось бы, на первый взгляд, история жизни одного из пионеров Эмбы, стоявших у истоков освоения нефтяных глубин. Но за этими скупыми строками каждодневный тяжелый физический труд, сложный быт и при этом беззаветная преданность выбранному делу.



Хамит ЖАРАС,
начальник отдела МТС НГДУ
«Жылыоймұнайгаз»

СПАРТАКИАДА

ДӘСТҮРЛІ ДОДА ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Ақтау қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ спартакиадасы қорытындыланып, жеңімпаздар анықталды.

Дәстүрлі жарыста «Ембімұнайгаз» АҚ-ы атынан қатысушылар спорттың 4 түрі бойынша бақ сынап, барлығынан да жүлделі орындарға ие болды. Ембіліктердің нәтижелері төмендегідей: Арқан тарту – 2 орын, Асық ойыны – 2 орын, Армрестлингтен Қарашаш Өмірзақова (65 келіге дейінгі салмақта) – 3 орын, Гүлзада Габдуллина (65 келіден жоғары салмақта) – 3 орын, Киберспорт – 3 орын.

Айта кетейік, биыл дәстүрлі спорт сайысы «Маңғыстаумұнайгаз» кәсіпорнының 60 жылдығына орай ұйымдастырылды. Дода іріктеу кезеңінен жүлдегер атанған 20 еншілес компания атынан қатысқан 400-ден астам мұнайшылар арасында 11 спорт түрінен өткізілді.



Байқау



«Ембімұнайгаз» АҚ (әрі қарай Компания) «Мерейлі мұнайшы» байқауын ұйымдастырады!

Байқау мақсаты: ішкі коммуникация мен корпоративтік тұтастықты нығайту. Қауіпсіздік мәдениетін дамыту және салауатты өмір салтын насихаттау.

Байқауға «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай-газ өндіру басқармаларының бригада, участок, цех ұжымдары қатыса алады.

Байқаудың номинациялары:

«Салауатты цех»

Еңбек пен спортты қатар алып жүрген, салауатты өмір салтын ұстанған цехтар туралы.

«Қатерсіз өндіріс»

Биылғы жартыжылдықта оқыс оқиғасыз өндіріс жұмысын ұйымдастырып, табысқа қол жеткізе білген ұжымның бір күндік жұмысы туралы.

«Біздің жұмыс орнымыз» («Біздің бөлмеміз»/«Біздің жұмыс кабинетіміз»)

Жұмыс орны мен демалыс орны, жұмыс және демалыс жағдайлары туралы.

Байқауға қабылданатын материалдардың форматы мен уақыты (хронометраж):

- Ролик (2 минут);
- Тик Ток (60 секундтан кем емес);
- Клип (2 минуттан көп емес);
- Live репортаж, 1 минут (жұмысшы (лар) өзінің ұжымы, жұмыс орны, демалыс бөлмесі туралы камераға баяндайды);
- Видеоскетч (1,5 минут);

Ескертпе: БАЙҚАУҒА ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАРДЫҢ УАҚЫТЫ (ХРОНОМЕТРАЖЫ) САҚТАЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА, ЖҰМЫС САЙЫСҚА ЖІБЕРІЛМЕЙДІ.

Байқауға түскен жұмыстарды қабылдау уақыты: 20.07.2023 - 20.08.2023.

Видеотүсірілімдердің сілтемесін (ссылка) мына электронды пошталарға жолдау қажет:

G.Karajanova@emg.kmgep.kz, +7 (7122) 99-34-21,
I.Satylganova@emg.kmgep.kz, +7 (7122) 99-34-66,
G.Amirova@emg.kmgep.kz, +7 (7122) 99-32-09.

Байқау жеңімпаздарын арнайы құрылған әділқазылар алқасы анықтайды.

Әр номинация бойынша 3 жеңімпаз (барлығы 9 орын) анықталады. Ынталандыру сыйлығы тағайындалған жоқ.

Байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі салтанатты түрде Бас кеңседе өтеді.

Үздік жұмыстар Компанияның әлеуметтік желідегі ресми парақшаларында (Facebook, Instagram, YouTube, Telegram) жарияланады.

Жеңімпаздарды ақшалай сыйлықтар күтеді!



ЕмбіМұнайГаз
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



«Мерейлі мұнайшы»

Конкурс

АО «Эмбаунайгаз» (далее Компания) объявляет о проведении конкурса «Мерейлі мұнайшы»!

Цель конкурса: укрепление внутренних коммуникаций и корпоративного единства. Продвижение культуры безопасности и пропаганда здорового образа жизни.

В конкурсе могут принять участие коллективы бригад, участков и цехов НГДУ АО «Эмбаунайгаз».

Номинации конкурса:

«Здоровый цех»

Рассказать о коллективе, работники которого придерживаются здорового образа жизни и занимаются спортом.

«Безопасное производство»

Рассказать об одном рабочем дне коллектива, в котором за первое полугодие этого года была организована успешная работа по недопущению несчастных случаев и соблюдению ТБ и ОТ.

«Наше рабочее место» («Наша комната»/ «Наш рабочий кабинет»)

Рассказать о рабочем месте и месте отдыха, об условиях работы и отдыха.

Формат конкурсных материалов и хронометраж:

- Ролик (2 минуты);
- Тик Ток (не менее 60 секунд);
- Клип (не более 2 минут);
- Live-репортаж (работник в кадре рассказывает про свой коллектив, рабочее место, место отдыха) (1 минута);
- Видеоскетч (1,5 минуты).



Предупреждение: МАТЕРИАЛЫ, ХРОНОМЕТРАЖ КОТОРЫХ БУДЕТ ПРЕВЫШАТЬ УКАЗАННОЕ ВРЕМЯ, НЕ БУДУТ ДОПУЩЕНЫ К УЧАСТИЮ В КОНКУРСЕ.

Срок приема материалов: 20.07.2023 - 20.08.2023гг.
Ссылки видеоматериалов отправлять на следующие электронные адреса:

G.Karajanova@emg.kmgep.kz, +7 (7122) 99-34-21,
I.Satylganova@emg.kmgep.kz, +7 (7122) 99-34-66,
G.Amirova@emg.kmgep.kz, +7 (7122) 99-32-09.

Выявлять победителей конкурса будет специальное жюри.

В каждой номинации будут определены 3 призовых места (всего 9). Поощрительных призов не будет.

Торжественное награждение победителей пройдет в центральном офисе АО «Эмбаунайгаз».

Лучшие работы будут размещены на официальных страницах Компании в социальных сетях (Facebook, Instagram, YouTube, Telegram).

Победителей ждут денежные призы!



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Г.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgep.kz

И.Сатылганова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmgep.kz

Г.Әмірова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmgep.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

М.Елеусінов – Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

Қ.Сақтағанов – Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшы;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Қ.Тулеушов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Г.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.